

ملخص كتاب
الوسائل المفيدة للحياة السعيدة

«БАҚЫТТЫ ӨМІР СҮРУДІҢ
ПАЙДАЛЫ ҚҰРАЛДАРЫ»
кітабының қысқаша мазмұны

Кітаптың авторы: Өз заманының ең көрнекті мұсылман имамдары мен ғұламаларының бірі – Абдур-Рахман бин Насыр әс-Сағди, ол хижра бойынша 1307-1376 жылдары өмір сүрген.

Кітаптың жазылуының себебі: Хижраның 1373 жылы шейх әс-Сағди Ливанға медициналық сапармен барған кезде, танымал американдық жазушы Дейл Карнегидің «Қалай уайымдауды тоқтатып, өмір сүруді бастау керек» деген кітабын оқып шықты. Кітап оған әсер етіп, шейх осы кітабын жазды.

1) Аллаһ Тағалаға иман келтіру және ізгі амалдарды жасау: Иман сабырға, Аллаһ Тағаланың жазғанына қанағаттануға және разы болуға жетелейді.

2) Адамдарға сөзбен және істермен жақсылықтар жасау: Жақсылық басқа жақсылықты тудырады әрі жамандықты қайтарады.

3) Пайдалы іс немесе пайдалы ғылыммен айналысу: Бұл жүрегіңізді сізді алаңдататын нәрселер туралы ойлаудан алшақтатады.

4) Бүгінгі күнмен өмір сүру: Өткенге қайғырмаңыз, алда не болады деп уайымдамаңыз, өйткені Пайғамбарымыз ﷺ мұң-қайғы мен қам-уайымнан Аллаһ Тағаладан пана сұрайтын.

5) Аллаһ Тағаланы көп зікір ету (Оны үнемі еске әрі тілге алу): Аллаһ Тағаланы зікір ету жүрекке тыныштық әкеледі.

المؤلف:

عبد الرحمن بن ناصر
الشعدي ١٣٧٦هـ -
١٣٧٦هـ من أبرز
علماء المسلمين
في عصره، واحد
الأئمة المحققين.

سبب التأليف:

لما سافر الشيخ إلى
لبنان في رحلة علاجية
عام ١٣٧٣هـ قرأ هناك
كتاب (دع القلق وأبدأ
الحياة) للكاتب
الأمريكي ديل كارنيجي،
فأعجب به، وألف على
ضوئه هذا الكتاب.

١
الإيمان بالله تعالى
والعمل الصالح

فالإيمان يقود إلى الصبر
والرضا والقناعة بما قسم
الله.

٢
الإحسان إلى الخلق
بالحقول والفعل

فالخير يجلب الخير، ويذفع
الشر.

٣
الاشتغال
بعمل أو علم نافع

فهو يلهي القلب عن
التفكير فيما بقلبك.

٤
إشغال الفكر بعمل
اليوم

فلا تحزن عما مضى، ولا
تلهث بما سيأتي، فقد كان
النبي ﷺ يستعيد بالله من
الهم والحزن.

٥
الإكثار من ذكر الله
تعالى

فذكر الله يجلب الطمأنينة
والسكينة للقلب.

6) Аллаһ Тағаланың жасырын және ашық нығметтерін көріп-бағалау: Бұл сізді шүкірші етушілерден қылып, қайғы-қасыретті ұмыттырады.



7) Жағдайы сізден жоғары болғандарға емес, төмен болғандарға қарау: Бұл сізді қолыңыздағы бар нәрселер үшін Аллаһ Тағалаға мақтау-шүкіршіліктер айтуға жетелейді, қайғы мен уайымды кетіреді.



8) Өткенді ұмыту: Өткенді қайтару мүмкін емес, ал онымен айналысып, алек болу - бос іс және ақылсыздық.



9) Аллаһ Тағалаға дұға етіп, жалбарыну: Хадисте айтылғандай, Аллаһ Тағаладан дініңізді, дүние тіршілігіңізді және Ақыретіңізді түзетуін сұрап, жалбарыну.



10) Өзіңді орын алуы ықтимал болатын ең нашар нәтижеге дайын ету: Басқа бақытсыздық келіп жатса, өзіңізді ең нашар салдарына дайындаңыз, өйткені егер бұндай нәтиже шынымен де орын орын алса, сіздің оған дайын болғаныңыз оның ауырлығын азайтады. Бұндай жағдай орын алса да, оның салдарын мүмкіндігінше азайтуға тырысыңыз.



11) Қиялға келетін қорқынышты елестерге әрі жалған жорамал қауіп-қатерлерге берілмеңіз: Бұндай үрейлі елестер мен өтірік қауіптер уайым-қайғы мен аурулардың себебі болып табылады.



12) Жүректің Аллаһқа тәуелді болуы және Оған тәуекел етуі: Кім Аллаһ Тағалаға тәуекел етсе, Аллаһ Тағала оған жеткілікті болады.



13) Басқалардың қателіктері мен сізге тигізетін зиянына төзімділік таныту: Әр адамның бойында қателік, кемшілік немесе сіз жек көретін нәрсе болуы мүмкін, сондықтан адамдардың жақсы жақтарына қараңыз.



14) Ұсақ-түйек істерге беріліп кетпеңіз: Маңызды әрі салмақты істерді шешкен сайын, сізге ұсақ-түйек мәселелерді шешу оңайырақ болады.



15) Өмір қысқа екенін есте сақтаңыз: Нағыз, шынайы өмір – қысқа болса да – бақыт пен тыныштыққа толы, сондықтан үнемі уайымдау және алаңдап-абыржуға бой алдыру арқылы оны одан сайын қысқартпаңыз.



16) Сіздің көптеген уайымдарыңыз негізсіз: Сіз уайымдаған нәрселердің көбісі орын алмады. Сондықтан болуы не болмауы екіталай, күмәнді нәрселердің орын алатыны көбірек ықтимал нәрселерден асып түсуіне жол бермеңіз.



17) Басқалардың сізге зиян тигізгендеріне алаңдамаңыз: Олар осынысымен тек өздеріне ғана зиян тигізеді, ал егер сіз олармен айналыссаңыз, онда бұл оларға зиян тигізгендей, сізге де зиян тигізеді.



18) Сіздің өміріңіз өз ойларыңызға байланысты: Егер олар дініңізде немесе дүниелік істеріңізге пайда әкелетін ойлар болса, онда өміріңіз жақсы және бақытты болады. Әйтпесе, нәтиже керісінше болады.



19) Адамдардың алғысын күтпеңіз: Егер сізде қақысы бар немесе қақысы жоқ болған адамдарға жақсылық жасасаңыз, бұл Аллаһпен сіздің араңызда және Оның разылығы үшін. Сондықтан олардың алғыс білдіруіне не білдірмеуіне мән бермеңіз.



20) Өзіңізге жеңіл болған пайдалы нәрселермен айналысыңыз: Зиянды нәрселер алаңдаушылық пен қайғы әкеледі, ал пайдалы әрекеттер сізге көмектеседі.



21) Істеріңізді өз уақытында орындап, бітіріңіз: Егер жұмыс өз уақытында бірден бітірілмесе, бұрынғы жұмысыңыздың қалып қалған бөлігі үйіліп, жаңа жұмыстарыңызға қосылады және оларды шешу одан сайын қиындай түседі.



22) Әр істің маңыздылығын сұрыптаңыз: Ең маңызды істерден бастаңыз, содан кейін маңыздылығы аздау болған істермен айналысыңыз, әрі жалықпау үшін өзіңізге ұнайтын істі таңдаңыз. Басқалармен кеңесіңіз, өйткені басқалармен кеңессеңіз өкінбейсіз.



sarhaan.com mahadsunna.com

Дайындаған шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
«Сунна» колледжі
1445/2024 ж.